

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АРНАУЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАҚСЫ

№ 1349-1910-02-08 АВ

№ 1349-1910-02-08 АВ

1999. 07. 12

1349-1910-02-08 АВ

2007 г.

1999

21.12.2000



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АРНАУЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАҚСЫ

№ 327

2016. 12. 01

327

2016

**«СЕНТРАС ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ»
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
 ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
 АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
 «СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ «СЕНТРАС ИНШУРАНС»**

Жалғыз акционердің 2015 жылғы «04»
 желтоқсандағы №1 шешімімен бекітілді

Утвержден решением
 Единственного акционера
 №1 от «04» декабря 2015 года

Алматы қ., 2015 жыл
 г. Алматы, 2015 год

1. Жалпы ережелер

1. «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан мекен-жайын, оның органдарының құрылу тәртібін және құзырларын, қайта құру және қызметін тоқтату ережелерін және басқа да, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелерін анықтайды.
2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің дербес балансы, банктік есеп-шоттары бар, өзінің жеке атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және атқаруға, міндеттерді алуға құқылы, сотта талаптанушы және жауапкер бола алады.
3. Қоғам өз қызметін атқаруына қажетті, Қоғамның өз атауы және реквизиттері жазылған бланктері бар.
4. «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын, заңды тұлға болып табылады, ол өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі», «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, осы Жарғы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері, осы Жарғымен және органдар туралы Ережелерімен бекітілген, өз құзырлары шегінде қабылданған Акционерлердің Жалпы жиналысының/Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының шешімдері негізінде құрылды және қызметін атқарады.
5. Қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.
6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіпте, Қоғам өзі орналасқан жерден тыс өз филиалдарын (өкілдіктерін) құруға құқылы, олар заңды тұлға болмауы мүмкін және филиалдар (өкілдіктер) туралы Ережелер негізінде, Қоғамның атынан және оның тапсырмасымен әрекет етуге құқылы.

2. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

7. Қоғамның толық атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы;
 - 2) орыс тілінде: Акционерное Общество «Страховая Компания «Сентрас Иншуранс»;
 - 3) ағылшын тілінде: «Insurance Company «Centras Insurance» Joint - Stock Company.
8. Қоғамның қысқартылған атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ;
 - 2) орыс тілінде: АО «СК «Сентрас Иншуранс»;
 - 3) ағылшын тілінде: «IC «Centras Insurance» JSC.
9. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 157 «В» үй.
Қоғам жеке кәсіпкерліктің ірі субъектісі болуда.

3. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

10. Қоғам акционері құқылы:
 - 1) Заңмен және Қоғамның жарғысымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) қоғамның қызметі туралы мәліметтерді алуға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе қоғамның жарғысымен анықталған тәртіпте қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 4) қоғамды тіркеушіден немесе номиналды ұстағыштан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелерді алып тұруға;
 - 5) қоғамның директорлар кеңісіне сайлау үшін қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысына кандидаттарды ұсынуға;
 - 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
 - 7) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан жоғары пайызын жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірлесе иелену кезінде, өз атынан сот органдарына заңмен көзделген келесі жағдайларда жүгінуге: қоғамның лауазымды тұлғалары қоғамға келтірген шығындарын өтеу талабы бойынша және ірі мәмілелерді бекіту (бекітуге ұсыныс) шешімін қабылдау нәтижесінде алынған, қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайдаларын (табыстарын) қайтару, егер оларды бекітуге олар мүдделі болса;
 - 8) қоғамның қызметіне қатысты жазбаша сұраныстар беруге және, ол сұраныс қоғамға түскен күннен бастап отыз күн аралығында, сұрақтарға негізді жауаптар алуға;
 - 9) қоғам таратылған жағдайда, мүліктің бөлігін алуға;
 - 10) акцияларды немесе, Заңмен бекітілген тәртіпте акцияларға айналған басқа бағалы қағаздарды сатып алу кезінде, оларды үстемдікпен сатып алуға, тек заңнамалық актілермен көзделген жағдайлардан басқада;
 - 11) қоғамның акцияларының санын өзгерту немесе Заңмен көзделген тәртіпте акциялардың түрін өзгерту туралы акционерлердің жалпы жиналысымен шешім қабылдануына қатысу;

12) қоғамның қарыз болуы мерзіміне тәуелсіз, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге, тек «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 22 баб.5 тарм. негіздерімен дивидендтер есептелмейтін жағдайдан басқада.

11. Ірі акционер құқылы:

1) акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс жиналысын шақыруды талап етуге немесе, директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бастартқан жағдайда, оны шақыру туралы сотқа арыздануға;

2) директорлар кеңесіне, Заңға сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) аудит ұйымын шақырып, өз есебінен қоғамға аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге.

12. Артықшылығы бар акцияларды иеленген меншік-акционерлер, қоғамның жарғысымен бекітілген, ертеректе арнайы кепілді көлемде дивидендтер алу кезінде және, Заңмен бекітілген тәртіпте қоғам таратылған жағдайда, оның мүлкінің бөлігін алу кезінде қарапайым акциялары бар меншік-акционерлер алдында үстемдік құқыққа ие.

13. Қоғамның акционері міндетті:

1) акциялар үшін төлем жасауға;

2) қоғамның тіркеушісін және аталған акционерлерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушысын қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге қажетті өзгерістер туралы он күн аралығында ескертуге;

3) қоғам және қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылатын қоғамның қызметі туралы мәліметтерді жарияламауға;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, басқа міндеттерді атқаруға.

4. Қоғамның органдары және оларды құру тәртібі

14. Қоғамның органдары келесі:

1) жоғарғы органы – акционерлердің жалпы жиналысы (дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі қоғамда – аталған акционер);

2) басқару органы – директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – атқарушы органның (атқарушы директордың) қызметтерін жеке өзі атқаратын басқарма немесе тұлға.

15. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында қоғамның директорлар кеңесі сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет сайлануы мүмкін, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның осы Жарғысымен көзделмесе.

Директорлар кеңесінің уәкілеттер мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі. Директорлар кеңесінің уәкілеттер мерзімі жаңа сайланған директорлар кеңесі құрылған, акционерлердің жалпы жиналысы өтуі кезінде аяқталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің уәкілеттерін немесе жекелеген мүшелерінің уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтату директорлар кеңесінің бастамасымен және оның жазбаша ескертуі негізінде тоқтатылады.

Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің уәкілеттері директорлар кеңесінің ескертуін алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтатқан жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады, жаңа сайланған директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттері жалпы директорлар кеңесінің уәкілеттері мерзімімен бірге аяқталады.

16. Директорлар кеңесі атқарушы органның сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтайды, органның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның қызметтерін жеке өзі атқаратын тұлғаларын) сайлайды, сонымен қатар олардың уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтатады.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыры

17. Акционерлердің Жалпы жиналысының бірегей құзырына келесі мәселелер кіреді:

1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ кодексті қабылдау кезінде кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) қоғамның жарияланған акциялар санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту;

5) қоғамның айналымдағы бағалы қағаздарының ережелерін және тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;

6) қоғамның қарапайым акцияларына айналдыратын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

- 7) орналастырылған бір түрдегі акцияларды екінші түрдегі акцияларға ауыстыру туралы шешім қабылдау, ондай ауыстырудың шарттары мен тәртібін анықтау;
 - 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтату;
 - 9) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олар өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақыларының және шығындары үшін өтемақыларының мөлшерін және төлем жасау шарттарын анықтау;
 - 10) қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 12) есепті қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір қарапайым акциясына дивиденд есептеу мөлшерін бекіту;
 - 13) Заңмен көзделген жағдайлар орын алғанда, қоғамның қарапайым және артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 15) қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруы немесе қызметіне қатысуы туралы шешімін қабылдау, болмаса қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан жоғары пайыз сомасындағы активтер бөлігін құрамынан шығару туралы шешім қабылдау;
 - 16) акционерлердің жалпы жиналысының шақырылымы туралы қоғам акционерлерін ескертудің түрін анықтау және ол ескертуді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
 - 17) Заңға сәйкес, қоғам өз акцияларын сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту (әдістемені бекіту, егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе);
 - 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 19) қоғамның қызметі туралы акционерлерге мәліметтер ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау, егер ондай тәртіп қоғамның жарғысымен анықталмаса;
 - 20) «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - 21) басқа мәселелер, егер олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және /немесе қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының бірегей құзырына кіретін болса.
18. Осы жарғының 1)-4) және 17) тармақтарында тізілген мәселелер бойынша шешім акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті басым көпшілігімен қабылданады, ал инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру нәтижесінде құрылған қоғамда – жиналыста ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігімен қабылданады.
19. Басқа мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауысқа қатысатын қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым басым көпшілігімен қабылданады, егер басқасы Заңмен немесе қоғамның жарғысымен бекітілмесе.
- Қоғамның дауыс беретін акциялары тек бір акционерге (жалғыз акционерге) тиесілі болған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және/немесе осы Жарғымен, тек акционерлердің жалпы жиналысының құзырына кіретін сұрақтар бойынша шешімдерді, жалғыз акционер жеке өзі қабылдайды, шешімдер жазбаша түрде рәсімделеді. Ондай жағдайда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және/немесе осы жарғымен көзделген, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, өткізу және шешім қабылдау тәртібі қолданылмайды.

6. Директорлар кеңесінің құзыры

20. Директорлар кеңесінің бірегей құзырына келесі сұрақтар кіреді:
- 1) қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) жарияланған акцияларды орналастыру (сату), соның ішінде жарияланған акциялар саны шегіндегі орналасатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) орналастырған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды қоғам сатып алуы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
 - 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 7) облигацияларды және қоғамның бағалы қағаздарының туындыларын шығару ережелерін анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 8) атқарушы органның сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның қызметін жеке өзі атқаратын тұлғаны) сайлау, сонымен қатар олардың уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтату;
 - 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның қызметін жеке өзі атқаратын тұлғалардың) лауазымдық жалақыларының көлемін және еңбек ақылары мен сыйақылау шарттарын анықтау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақылары мен сыйақылау мөлшерін және шарттарын анықтау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның уәкілеттері мерзімін анықтау, оның уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақылау шарттарын анықтау;

12) қаржы есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымға төлем көлемін анықтау, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің негізі болатын мүлік құнын нарықтық бағалау үшін бағалаушыға төлем көлемін анықтау;

13) қоғамның ішкі қызметінің құжаттарын бекіту (тек қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатындағы атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқа), соның ішінде аукциондарды жүргізу шарттары мен тәртібін және Қоғам акцияларына жазылуды реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

14) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы енші үлесінің) он және одан көп пайызын қоғам сатып алуы (сатуы) туралы шешім қабылдау;

16) Заңды тұлғаның акционерлерінің (мүшелерінің) жалпы жиналысы құзырына кіретін қызметтің сұрақтары бойынша шешім қабылдау, егер ол заңды тұлғаның акцияларының (жарғылық капиталындағы енші үлесінің) он және одан көп пайызы қоғамның меншігінде болса;

17) қоғам міндеттерін өзінің меншік капиталы көлемінің он және одан көп пайызына тең көрсеткішке арттыру;

18) қоғамның немесе оның қызметіне қатысты қызметтік, коммерциялық және құпиялық заңымен қорғалатын басқа да мәліметтерді анықтау;

19) ірі мәмілелер және қоғам қызығушылық танытқан мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

20) Заңмен және/немесе қоғамның жарғысымен көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының бірегей құзырына кірмейтін, басқа сұрақтар.

Осы Жарғының 20 тармағымен анықталған сұрақтардың тізімі шешім қабылдау үшін атқарушы органға жүктелмейді.

7. Атқарушы органның құзыры

21. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган атқарады – басқарма немесе атқарушы органның қызметін жеке өзі атқаратын жеке тұлға (атқарушы директор).

Атқарушы орган қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер ол мәселелер, Заңмен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, болмаса қоғамның жарғысымен, басқа органдардың немесе қоғамның лауазымды тұлғаларының құзырына берілмесе.

22. Атқарушы органның басшысы:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін жүзеге асыруды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғамды ұсыну құқығына сенімхаттар береді;

4) қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады (тек Заңмен бекітілген жағдайлардан басқада), оларға қатысты сыйақылау шараларын және тәртіптік жазалау шараларын қолданады, қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақыларының көлемін және еңбек ақыларына жеке үстемелерін бекітеді, тек атқарушы органның және қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқаларға;

5) өзі болмаған кезде атқарушы органның мүшелерінің біріне өз міндеттерін атқаруды жүктейді;

6) атқарушы органның мүшелері арасында міндеттерді, уәкілеттер саласын және жауапкершіліктерді бөледі;

7) қоғамның жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімімен анықталған басқа қызметтерді атқарады.

8. Қоғам органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі

23. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

24. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесінің бастамасымен шақырылады:

1) қоғамның директорлар кеңесі;

2) қоғамның ірі акционері.

Ерікті таратылу кезінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның Тарату комиссиясы шақырады, ұйымдастырады және жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

25. Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын:

1) атқарушы орган;

2) қоғамның тіркеушісі, онымен бекітілген шартқа сәйкес;

3) директорлар кеңесі;

4) қоғамның тарату комиссиясы.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды қоғам өзі төлейді, тек Заңмен бекітілген жағдайлардан басқада.

26. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез-келген мүдделі тұлғаның қабылданған арызы негізінде, сот шешімімен шақырылып, жүргізілуі мүмкін, егер қоғамның органдары Заңмен бекітілген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзса.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның ірі акционерінің арызы негізінде, сот шешімімен шақырылып, өткізілуі мүмкін, егер қоғамның органдары ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаса.

27. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыс беру нәтижелері/жалғыз акционердің шешімі қоғам таңдаған немесе қалаған бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, «Президент және Халық» («Президент и Народ») және/немесе «Заң газеті» және/немесе қоғамның sic.kz WEB-сайтында жарияланады, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен бекітілген талаптарға сәйкес.

28. Қоғам қызметіне жалпы басшылықты, Заңмен және осы Жарғымен тек акционерлердің жалпы жиналысы/жалғыз акционердің шешімі құзырына кіретін мәселелерден басқа, қоғамның директорлар кеңесі атқарады.

29. Қоғамның жарғысына сәйкес, атқарушы органның құзырына кіретін мәселелер бойынша директорлар кеңесі шешім қабылдауға құқықсыз, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқықсыз.

30. Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер «алтын акция» иесімен келісуді талап етеді, егер ол мәселелерге қатысты «алтын акция» иесінің вето құқығы бекітілсе.

31. Директорлар кеңесі кем дегенде директорлар кеңесінің 3 (Үш) мүшесінен және оның төрағасынан құралады, дауыс беруде олардың әрқайсысы бір дауысқа ие. Директорлар кеңесі мүшелерінің 30 % тәуелсіз директорлар құрайды.

32. Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кем дегенде жартысын құрайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, директорлар кеңесінің төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысына басшылық еткен тұлғаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

33. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізуі туралы шешім қабылдауға құқылы, ол отырысқа тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысады.

34. Директорлар кеңесінің шешімдері, директорлар кеңесінің қарауына жолданған мәселелер бойынша, сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

35. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган - басқарма немесе атқарушы органның (атқарушы директордың) қызметін жеке өзі атқаратын тұлға жүзеге асырады.

Атқарушы орган қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер олар Заңмен, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және қоғамның жарғысымен қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзырына берілмесе.

Атқарушы орган акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

36. Вето құқығы қойылған мәселелерге қатысты атқарушы органның шешімдері «алтын акция» иесімен келісілуге міндетті.

37. Акционерлер және акционер болып табылмайтын қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшесі бола алады. Басқарма кем дегенде 3 (Үш) мүшеден тұрады.

38. Басқарманың отырыстары қажеттілігі бойынша шақырылады, алайда жылына кем дегенде бір рет шақырылады. Шешімдер басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға аталған отырысқа қатысқан барлық басқарма мүшелері қол қояды.

39. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды және директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

40. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін, ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Ол құрылған жағдайда, ішкі аудит қызметі кем дегенде 2 (Екі) мүшеден тұрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайланбайды.

41. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы үшін тек директорлар кеңесіне есепті.

9. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі

42. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді, ол мәліметтерді үлестес тұлғалардың өздері немесе қоғамның тіркеушісі ұсынады (уәкілетті орган бекіткен тәртіпте ірі акционерлер болатын тұлғаларға қатысты).

43. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия мәлімет болып табылмайды. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, үлестес болған күннен бастап жеті күн аралығында қоғамға өз үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

10. Қоғам мәліметтерді ұсыну тәртібі

44. Қоғам өз акционерлерінің назарына қоғамның қызметі туралы мәліметтерді жеткізеді, егер ол мәліметтер, Заң мен осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, акционерлердің мүдделеріне қатысты болса.

Акционерлік қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарландыруларын және, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, жариялануы тиіс мәліметтерді жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарын қоғам өзі таңдайды, мәліметтер қоғамның қалауымен «Президент және Халық» («Президент и Народ») және/немесе «Заң газеті» және/немесе Қоғамның cis.kz WEB-сайтында жарияланады.

45. Акционердің талабымен қоғам оған Заңмен көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

46. Акционер мәліметтерді алу үшін атқарушы органға жазбаша өтініш ұсынады. Акционердің өтініші қоғамның кіріс құжаттары есебінің журналында тіркелуі тиіс. Акционер өтініш білдірген күннен бастап отыз күнтізбелік мерзім аралығында, Қоғам акционерге талап еткен мәліметтерді (құжаттардың көшірмелерін) ұсынуға міндетті.

Ұсынылған құжаттардың көшірмелері үшін төлем мөлшерін қоғам анықтайды, алайда оның мөлшері құжаттардан көшірме жасауға және оларды акционерге жеткізуге шыққан шығындардан аспауы шарт.

11. Қоғамның мүлкі

47. Қоғамның мүлкі келесіден құралады:

- 1) қоғамның акциялары төлеміне акционерлер берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде алынған табыс;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған мүлік.

12. Акциялар, облигациялар.

Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары

48. Қоғам қарапайым акциялар немесе қарапайым және артықшылығы бар акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

49. Қарапайым акция акционерге, жиналыста дауыс беруге қойылған барлық сұрақтар бойынша шешім қабылдауда дауыс құқығымен, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық береді, акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тиісті негізде, қоғамның таза табысы болған жағдайда, дивиденд алуға құқық береді, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте қоғам таралған жағдайда, қоғам мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер жыл/тоқсан/жартыжылдық (керегін сызыңыз) қорытындысы бойынша төленеді.

50. Артықшылығы бар акциялардың иелері келесі құқықтарға ие:

дивидендтерді алуда және, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте қоғам таралған жағдайда, қоғам мүлкінің бөлігін алуда қарапайым акциялар ұстайтын акционер-меншіктер алдында үстемдік құқығына.

51. Артықшылығы бар акция акционерге қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді, тек келесі жағдайлардан басқа:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылығы бар акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектейтін сұрақтарды қарауы. Ондай сұрақтар бойынша орналастырылған (сатып алынғаннан басқа) артықшылығы бар акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екі бөлігі шектеулерге дауыс берген жағдайда ғана, шешім қабылданды деп есептеледі;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы, осы Заңға сәйкес қоғам ұйымдастырылмаған нарықтағы артықшылығы бар акцияларды сатып алуы кезінде, олардың құнын анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол әдістеме құрылтай жиналысымен бекітілмесе) өзгертулер енгізу туралы сұрағын қарастыруы;

3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта құру немесе оны тарату сұрағын қарауы;

4) артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденд төлем күні болып бекітілген күннен кейінгі үш ай аралығында толық көлемде төленбеуі, тек заңнамамен бекітілген жағдайлардан басқада.

52. Акцияларды шығару, орналастыру және айналымға қосу шарттары мен тәртібі, сонымен қатар қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу акцияларды шығару проспектімен бекітіледі.

53. Қоғам айналымға бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

54. Қосымша қаржы тарту мақсатында қоғам, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай, облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру және айналымға қосу шарттары мен тәртібі, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаржыны жұмсау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигацияларды шығару проспектімен анықталады.

13. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

55. Қоғамның таза табысы (бюджетке төленетін салықтарды және басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалғаны) қоғамның басқаруында қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген тәртіпте бөлінеді, соның ішінде дивидендтер төлемі. Қалған бөлігі қоғамды арттыруға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа мақсаттарға жұмсалады. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысымен қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тиімсіздігі туралы шешім қабылдауға құқылы. Қоғамның артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтердің төлемі қоғам органының шешімін қажет етпейді.

Орналаспырылмаған және қоғаммен сатып алынбаған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді, сонымен қатар сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдауында дивидендтер төленбейді.

56. Келесіде қоғамның қарапайым және артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді:

- 1) меншік капиталдың мөлшері теріс болған жағдайда немесе, акциялар бойынша дивидендтерді төлеу салдарынан меншік капиталының мөлшері теріс болуы;
- 2) егер қоғам төлем жасау қабілеттігінің сипаттарына жауап бермеуі немесе, Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңнамасына сәйкес, қауқарсыз болуы, немесе аталған сипаттар акциялар бойынша дивидендтерді төлеу салдарынан орын алу ықтималы;
- 3) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңымен көзделген басқа жағдайлар.

14. Қоғамды қайта құру және тарату

57. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа негіздермен қайта құрылуы және таратылуы мүмкін.

58. Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.



15. Қорытынды ережелер

59. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

60. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеті ол құрылған кезде басталады және ол таралған кезде тоқтатылады. Егер заңды тұлға өз қызметін атқаруы үшін арнайы рұқсат алуы қажет болса, онда оның құқықтық қабілеті ондай рұқсатты алған кезден басталады және ол рұқсат кері қайтарылған, рұқсаттың мерзімі аяқталған немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпте рұқсат заңсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

Қоғамның бірден-бір акционерінің шешіміне сай уәкілетті тұлғаның қолы

«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы - Погорелов Руслан Александрович

1. Общие положения

1. Настоящий Устав **Акционерного Общества «Страховая Компания «Сентрас Иншуранс»** (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.
3. Общество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.
4. Акционерное Общество «Страховая Компания «Сентрас Иншуранс» именуемое в дальнейшем «Общество», является юридическим лицом, созданным и осуществляющим свою деятельность на основе Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан, Законов Республики Казахстан «О страховой деятельности», «Об акционерных обществах» и «О рынке ценных бумаг» иных нормативных правовых актов Республики Казахстан, настоящего Устава, решений Общего собрания акционеров/решений единственного акционера, Совета директоров и исполнительного органа Общества, принятых в пределах их компетенции, установленной действующими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом и Положениями об этих органах.
5. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.
6. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению общества на основании Положения о них.

2. Наименование и место нахождения исполнительного органа общества

7. Полное наименование Общества:
 - 1) на государственном языке: **«Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы;**
 - 2) на русском языке: **Акционерное Общество «Страховая Компания «Сентрас Иншуранс»;**
